**Қазақстан Республикасының энергетика саласындағы кәсіпорындарының орнықты жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 19 қараша N 1404

Электр энергетикасы саласындағы жағдайды тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының энергетика саласындағы кәсіпорындардың орнықты жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі ұсынылып отырған іс-қимыл бағдарламасы бекітілсін.

2. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, облыстардың әкімдері аталған Бағдарламада белгіленген шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 19 қарашадағы
N 1404 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының энергетика саласындағы
кәсіпорындарының орнықты жұмысын қамтамасыз ету
жөніндегі іс-қимыл бағдарламасы

| р/с N | Шаралар | Орындалу мерзімі | Орындауға жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Үстіміздегі жылдың 1 қарашасынан | | Энергиякөмірмині |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бастап электрмен қамтамасыз ету тәртібін белгілеу, онда пайдаланған электр энергиясы үшін уақтылы төлем жасамаған тұтынушылар олардың ведомстволық бағыныстылығына, меншік нысанына және қызметін қаржыландыру көзіне қарамастан, ескертілгеннен кейін қоректендіру орталығынан айырып тасталады. Электр энергиясын қайтадан беру жиналып қалған берешекті толық өтегеннен кейін ғана жүзеге асырылады.<br>Электрмен қамтамасыз ету және алынған электр энергиясына төлем жасамағаны үшін тұтынушыларды электр энергиясы көзінен айырып тастау режимін реттеу процесіне барлық деңгейдегі басқару органдарының араласуына тыйым салу. | | Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеті, облыстардың әкімдері |
| 2. | Қазақстан Республикасының Ауылшармині мен Энергиякөмірмині арасында жасасқан Келісімге сәйкес ауылшаруашылығы тауар өндірушілері ағымдағы төлемдер мен 1996 жылы алған электр энергиясы үшін берешегін уақтылы төлеуді қамтамасыз ету. | кесте бойынша | Облыстардың әкімдері, Қазақстан Республикасының Ауылшармині |
| 3. | Қазақстан-ресей бірлескен акционерлік кәсіпорындарын құру:<br>1150 кВ ЖЭВ пайдалану жөніндегі<br>Екібастұз 2-ГРЭС<br>"Северный" көмір кенішін "Богатырь" кенішінің N 9 алаңымен Ресей Федерациясының шаруашылық жүргізуші субъектілеріне сату | 1996 жылғы қазан-қараша | Қазақстан Республикасының Меммүліккомы, Жекешелендіру-мемкомы, Энергия көмірмині |
| 4. | Қырғызстаннан алынған электр энергиясы үшін берешекті Бішкек ЖЭО 430 мың тонна көлемінде көмір беру арқылы | 1996 жылғы IY тоқсан | Қазақстан Республикасының Энергиякөмірмині Оңтүстік |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | өтеу | | Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда Алматы, Талдықорған, Жезқазған облыстарының әкімдері |
| 5. | Өзбекстан Энергомині кәсіпорындарынан алынған электр энергиясы үшін берешекті өтеу | кесте бойынша | Қазақстан Республикасының Энергиякөмірмині |
| 6. | Түркменстанның кәсіпорындарынан алынған электр энергиясы үшін берешекті өтеу | -"- | Бұл да |
| 7. | "ЕЭС Россия" РАҚ энергиясы жүйесінен электр энергиясын беруге мыналармен тікелей шарттар жасасу:<br>Ақмола электр желілерін тарату компаниясымен,<br>Солтүстік Қазақстан электр желілерін тарату компаниясымен,<br>Қостанай электр желілерін тарату компаниясымен,<br>Торғай электр желілерін тарату компаниясымен,<br>Көкшетау электр желілерін тарату компаниясымен,<br>"Испат-Кармет"<br>"Алтайэнерго" АҚ | 1996 жылғы қазан | Бұл да |
| 8. | Орта Азия республикаларынан электр энергиясын беруге мыналармен тікелей шарттар жасасу:<br>Оңтүстік Қазақстан электр желілерін тарату компаниясымен,<br>Жамбыл электр желілерін тарату компаниясымен, | -"- | Бұл да |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қызылорда электр желілерін тарату компаниясымен, Алматы Пауэр Консолидейтид, Талдықорған электр желілерін тарату компаниясымен | | |
| 9. | "Қазақстанэнерго" ҰЭЖ "Адел" фирмасына берешегін өтеу схемасын әзірлеу: "Қазақстанэнерго" ҰЭЖ "Адел" фирмасына берешегін Жамбыл ГРЭС-іне береді, Жамбыл ГРЭС-і осы берешекті өтеу есебіне Алматы темір жолына электр энергиясын береді, Алматы темір жолы Өзбек т/ж Қазақстан Республикасының аумағынан жүк тасымалы транзиті үшін қарызын өтейді. | 1996 жылғы қазан | Қазақстан Республикасының Энергиякөмірмині, "Қазақстанэнерго" ҰЭЖ фирмасы, "Витол-Мұнай" және "Адел" |
| 10. | "ЕЭС Россия" РАҚ энергия жүйесінен ССГПО және Дөң КБК және Ермак ГРЭС-інен Омскэнерго немесе Курган қаласына өзара электр энергиясын беру мәселелерін пысықтау | -"- | Қазақстан Республикасының Энергиякөмірмині |
| 11. | Электр станцияларындағы отынның нормативтік қорын қайта қарау: | | |
| | пайдалану мақсаттарына | 1996 жылғы 1 қараша | Қазақстан Республикасының Энергиякөмірмині, Энергия өндіруші компаниялар |
| | мемрезервке | -"- | Төтенше жағдайлар жөніндегі мемкомитет, Мемматрезервтер, Қазақстан |

| | | |
|---|---|---|
| | | Республикасының Қаржымині |
| 12. Отынның қажетті қорын қамтамасыз ету және оларды толықтыру тетігін пысықтау | 1996 жылғы 10 қараша | Облыстардың әкімдері, энергия өндіруші компаниялар |
| 13. Ертіс каскады бойынша 1996/97 жылдың күзгі-қысқы маусымына қажет болатын энергия балансын ескере отырып су ресурсы шығынын қайта қарау | 1996 жылғы 1 қараша | Энергиякөмірмині, Қазақстан Республикасының Суресурсмемкомы |
| 14. Қазақстан ОЭС жұмысын 49,2 Гц төмен емес жиілікте қамтамасыз ету. Энергия өндіруші компаниялар тапсырылған жүктеме кестесін қамтамасыз етеді. Электр жүйелерін тарату компаниялары тапсырылған шекті тұтыну деңгейін қамтамасыз етеді | тұрақты түрде | Энергия өндіруші және таратушы компаниялар |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК